

**Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 4784 " Ақтөбе қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 1529 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 мамырда № 5486 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 4784 " Ақтөбе қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4652 тіркелген, 2015 жылғы 31 желтоқсанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Л.А. Уразбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*І.Испанов*